

**«Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ-да
жеке тұлғаларға
банктік қызмет көрсету шартына
№ 1 өзгерістер мен толықтырулар**

**Изменения и дополнения № 1
к договору банковского обслуживания
физических лиц
в ДБ АО «Банк Хоум Кредит»**

1. 3-тараудың 3-бабының 2-тармағында «Банк жойылған жағдайда;» сөз тіркесінен кейін «Банк шартты орындаудан біржақты сотқа дейінгі тәртіпте бас тартқан жағдайда;» сөз тіркесімен толықтырылсын.

2. 3-тараудың 3-бабының 3-тармағында «Банк Клиентке шотты жабу туралы хабарлама жібереді» сөз тіркесінен кейінгі «Банк Клиентке осы шартта көзделген тәртіпке сәйкес хабарлама күнінен бастап 3 (үш) ай өткеннен кейін» сөз тіркесі «Клиент Банкке шотты ашқан кезде ұсынған деректемелері бойынша Банк өз таңдауы бойынша кез келген әдіспен (оның ішінде пошталық байланыс, электрондық пошта, SMS-хабарлама, интернет-банкинг)» сөз тіркесіне өзгертілсін.

3. 3-тараудың 3-бабының 5-тармағындағы «Клиент хабарлама алған күннен бастап 3 (үш) ай ішінде шот бойынша операцияларды қайтадан жүзеге асырмаса» сөз тіркесі жойылсын.

4. 3-тараудың 3-бабының 6-тармағы «нотариустың депозитіне ақшалай қаражат аударылған күнінде» сөз тіркесімен толықтырылсын.

5. 3-тараудың 3-бабы 7-тармақпен толықтырылып, келесі редакцияда мазмұндалсын:

«7. Банк Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартқан жағдайда, Банк шартта бекітілген сыйақы туралы талаптарды ескере отырып, шартты орындаудан біржақты бас тарту күніндегі жағдай бойынша сыйақыны төлейді».

6. 8-тараудың 1-бабының 2-тармағының 9) тармақшасындағы келесі мазмұндағы сөйлем жойылсын: «Осы тармақшада бекітілген Клиенттің келісімі ол Банкте жеке өзі болған кезде берілген».

7. 8-тараудың 1-бабының 2-тармағы 50-1) тармақшамен толықтырылып, келесі редакцияда мазмұндалсын:

«50-1) бекітілген несие лимиті шеңберінде Банкке уәкілетті мемлекеттік органдардың және/немесе лауазымды тұлғалардың шот бойынша шығыс операцияларды тоқтату, шоттағы ақшаға тыйым салу туралы шешімдері/қаулылары, сонымен бірге ҚР заңнамасына сәйкес ақшаны акцептісіз тәртіпте есептен шығару құқығына ие үшінші тұлғалардың нұсқаулықтары түскен жағдайда, несие ұсынудан бас тартуға;»

1. В пункте 2 статьи 3 главы 3 после слов «ликвидации Банка;» дополнить словами «отказа Банка от исполнения договора в одностороннем внесудебном порядке;».

2. В пункте 3 статьи 3 главы 3 после слов «Банк уведомляет Клиента о закрытии счета» слова «по истечении 3 (трех) месяцев со дня уведомления в порядке, предусмотренным настоящим договором» изменить на слова «любым способом по выбору Банка (в том числе посредством почтовой связи, электронной почты, SMS-сообщений, интернет-банкинга) по реквизитам, предоставленным в Банк при открытии счета».

3. В пункте 5 статьи 3 главы 3 удалить слова «если в течение 3 (трех) месяцев со дня уведомления Клиент не возобновит операции по счету либо».

4. Пункт 6 статьи 3 главы 3 дополнить словами «в день перечисления денег на депозит нотариуса».

5. Статью 3 главы 3 дополнить пунктом 7 и изложить в следующей редакции:

«7. При одностороннем отказе от исполнения договора Банк уплачивает вознаграждение на дату одностороннего отказа от исполнения договора с учетом условий о вознаграждении, установленных в самом договоре».

6. В подпункте 9) пункта 2 статьи 1 главы 8 удалить предложение следующего содержания: «Согласие Клиента, установленного настоящим подпунктом, дано в момент личного присутствия в Банке».

7. Пункт 2 статьи 1 главы 8 дополнить подпунктом 50-1) и изложить в следующей редакции:

«50-1) отказать в предоставлении кредита в рамках установленного кредитного лимита в случаях поступления в Банк решений/постановлений уполномоченных государственных органов и/или должностных лиц о приостановлении расходных операций по счету, аресте денег на счете, а также указаний третьих лиц, имеющих право безакцептного списания денег в соответствии с законодательством РК;».